

Имандылық жырлары

Кешіре гөр

Сумаң қолым көнбей қойдың еркіме,
Ұмсынады нені көрсе серті ме,
Қайт райдан, тәубеге кел, жер тіре,
Қол күнәмді кешіре гөр, Жаратқан!

Сөйлей-сөйлей тата мылжың атандым,
Тәңірге де тіл тигіздім, қасардым,
Жақындады көрде тыныш жатар күн,
Сөз күнәмді кешіре гөр, Жаратқан!

Не сұмдықты шыққыр көзбен
өткердім,
Көріп алып, жау тіледім, кектендім,
Көргіштерден қиянатты көп көрдім,
Көз күнәмді кешіре гөр, Жаратқан!

Қисық жүріп, сан шатаққа ұрындым,
Шарап ішіп, сор-батпаққа жығылдым.
Аусарлықпен жат қақпаға бұрылдым,
Жол күнәмді кешіре гөр, Жаратқан!

Діннен безіп, құдай жоқ деп есірдім,
Кесесімен сусын жұттым кесірдің.
Имансыздық жылдарыма өкіндім,
Мол күнәмді кешіре гөр, Жаратқан!

Зікір

Адамның болмас дегені,
Тәңірі сызар межені.
Шақырайған жарық та,
Жалп етіп шамдай сөнеді,
Көк тіреген төбесі,
Тауға да қатер төнеді.
Теңіз де құрғап тартылар,
Шағындалып көлемі.
Өлмек үшін туғансың,
Саған да кезек келеді.
Алдамшы жалған дүние,
Сағымша тұрар құбылып.
Азғырынды аярлар,
Тасада жүрер бұғынып.
Басыңнан аттап өтеді,
Байқаусыз кетсең сүрініп.
Негізі сара тектіден,
Шығады әр кез ірілік.

Жақын жүріп жан тартып,

Жүректе қат-қат сырын ұқ.
Алладан пәрмен келсе егер,
Қаларсың бір күн бүгіліп.
Тойымсыз обыр қорқаудың
Ашыла түсер араны,
Пәле басы ілікшіл
Жыртумен өтер жағаны.
Ит мінезді өшпенді
Тасада тұрып қабады.
Сатымсақтар жалт беріп,
Қашықтатар араны.
Тотық шалып сананды,
Кигенің де тозады.
Сүйгенің де салғыртсып,
Қашықтатар араны.
Жүйрігің де сүрініп,
Шоңқаландап қалады.
Бәрінен де солардан
Иманың ғана бағалы.
Шыншыл да абзал кемеңгер,
Иесі шексіз ғаламның,
Өмірімен Алланың
Адам болып жаралдық.
Бес күндік пәни жалғанда,
Тұрақтап мәңгі қалар кім?
Иманнан жұрдай боларсың,
Сойылын соқсаң арамның,
Адалға шаң жұқпайды,
Аққа қара жағар кім?
Құлшылық қылсаң Аллаға,
Артқаны дей бер бағанның.
Ғұзырына Алланың,
Қашық емес барар күн.
Жағымпаз да жалп етер,
Мықтыға жүрген жағынып.
Пәлекор да сұлайды,
Дау тілеген қағынып.
Орта жолда қалады,
Дүние қуған сабылып.
Бәйгінің алдын бермейтін,
Тұлпар да құлар шалынып.
Шүберек қана бұйырап,
Кисең де жібек малынып.
Топырақ басар кеуденді,
Жүрсең де алтын тағынып.
Жақсыдан иман құтылмас,
Жүрегі таза, ары нық,
Дүние қуып жүргенде
Тәубеңнен қалма жаңылып.

Өмір

Көріпұлы.